

**«6D071900-Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне
іздену үшін ұсынылған Толегенова Ақмарап Алибековнаның «Көлбеу талшықты Брэгг торлары бар қоршаған ортаның сыну
көрсеткішінің оптоталшықты сенсоры» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының реесми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар» атты басым бағытына сәйкес</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	А.А.Толегенованаң диссертациялық жұмысының отандық және халықаралық ғылымға қосатын үлесі мол және оның маңыздылығы көлбеу талшықты Брэгг торлары жазылған оптоталшықтарды қоршаған ортаның сыну көрсеткішінің сенсоры ретінде қолдану мүмкіндігімен ашылады. Зерттеу нәтижелері қоршаған ортаның сыну көрсеткішінің өзгерісін тіркеуге арналған биомедицина, экология салаларындағы қолданбаларда пайдалы болуы мүмкін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен;	Ізденушінің диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, бұл рейтінгісі жоғары (Q2, IF=1,093) шетелдік журналда жарыққа шыққан мақалада ізденушінің негізгі бірінші автор ретінде жарияланымымен расталады. Жұмыстың негізгі кезеңдері, көлбеу

		4) өзі жазбаған	бұрыштары 6 және 8 градус болатын талшықты Брэгг торларын оптоталшыққа жазу, сыну көрсеткіштері әр түрлі болатын 24 ерітінді дайындау, сол ертінділерге салынған көлбеу талшықты Брэгг торлары арқылы жарық көзінен 1550 нм толқын ұзындығындағы жарықты жіберу, өткен жарықтың спектрін тіркеу, тіркелген спектрлерді өндөу, жаңа сипаттамаларын анықтау және нәтижелерді талдауды автордың жеке өзі орындағаны диссертациялық жұмыста көрсетілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмен.	Диссертациялық жұмыстың зерттеу өзектілігі негізделген. Диссертациялық жұмыс көлбеу Брэгг торлары жазылған оптоталшықтың коршаган ортаның сину көрсеткішіне сыйықты тәуелді болатын спектрлік сипаттамасын анықтауга арналған. Бұғаңға таңда радиотехника мен электрониканың өзекті міндеттерінің бірі электрондық құрылғыларды мүлдем қолдануға болмайтын жағдайларда, немесе олардың қолданысы ауқымды киындықтар мен шығындарды тудыратын жағдайларда қолданылуы мүмкін оптоталшықты сенсорларды дайындау болып табылады. Коршаган ортаның өзгерісін тіркейтін оптоталшықты сенсорлар кеңінен зерттелгеніне қарамастан, ортаның сину көрсеткішіне сезімталдығы жоғары болатын түрлері мен сипаттамалары жеткілікті түрде зерттелмен. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу ізденушінің осы бағытта зерттеліп жатқан жұмыстарды және диссертация тақырыбы бойынша мәселенің қазіргі жағдайын жақсы білетіндігін көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды</u> ; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыбына сай және толықтай камтылған. Жұмыстың бірінші бөлімі әдеби шолуга арналған. Екінші бөлімде оптоталшыққа көлбеу Брэгг торларын жазу қондырғысы мен экспериментті жүргізу процесsei толықтай түсіндірілген. Экспериментте қолданылатын қондырғылардың сипаттамасы жазылған. Үшінші бөлімде диссертациялық жұмыстың мақсатына сай көлбеу талшықты Брэгг торларынан өткен жарықтың спектрлеріне талдау жүргілізіп алынған спектрлерден сину көрсеткішіне тәуелділігі сыйықты болатын сипаттаманы анықтап, графиктерін түрғызған. Жұмыста берілген кестелер мен суреттер мәнерлі және түсінікті. Диссертациялық

			жұмыста негізінен жоғары рейтингті рецензияланатын халықаралық басылымдардан пайдаланылған дереккөздердің 101 атауы келтілірген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыста автор диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақты түжырымдалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидаттары толығымен өзара байланысты, логикалық жүйелілік бар. Жұмыс басында алғышарттар беріліп, әрі қарай зерттеу жұмысының негізгі мәселелері (әдеби шолу) келтіріліп, содан кейін сәйкес бөлімдерде қойылған әрбір міндеттер бойынша жұмыс нәтижелері талданған
		4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, баска авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу саласы бойынша ағымдағы жағдайға сыни талдау жасалған. Сенсорлық сезімтал элементі ретінде көлбеу бұрыштары 6 және 8 градус болатын Брэгг торларын қолданудың және олардың қоршаған ортандың сыну көрсеткішінің өзгерісіне сыйықты тәуелді болатын спектрлік сипаттамаларын анықтау әдістер түсіндірілген. Қолданылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген ғылыми жұмыстар мұқият әдебиеттік шолу жасалғандығын растиды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Бұл жұмыстағы корғауға ұсынылған зерттеу нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа, атап айтқанда көлбеу бұрыштары 6° және 8° болатын Брэгг торлары бар оптикалық талышқтар қоршаған ортандың сыну көрсеткішінің өзгеру сензоры ретінде жұмыс істей алатындығы анықталды.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы келесідей: 1. Алғаш рет көлбеу бұрыштары 6° және 8° болатын Брэгг торлары бар оптикалық талышқтар қоршаған ортандың сыну көрсеткішінің өзгеру сензоры ретінде жұмыс істей алатындығы анықталды. 2. Алғаш рет қоршаған ортандың сыну көрсеткішіне ең жаксы сыйықтық тәуелділікке ие TFBG спектрлік сипаттамалары табылды

			<p>және ұсынылды,</p> <p>3. Алғаш рет сызықтылығы Брэгг торының көлбеу бүрышына тәуелді емес TFBG спектрлік сипаттамасын анықталды</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бұл жұмыстағы техникалық, технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Қойылған міндеттерді орындау үшін бірмодалы оптоталшыққа көлбеу талшықты Брэгг торларын жазуға арналған станция (эксимерлі лазерге арналған газ қондырығысы, құрылымды жазу кезінде лазер параметрлерін тұрақтандыруға арналған су салқыннатқыш, кадамдық қозғалтқышпен жұмыс істейтін фазалық масканың айналмалы үстелі, ультракүлгін сәулесін позициялау және қалыптастырудың жақтаулық жүйесі, оптикалық перископ жүйесі, эксимерлі лазер, белсенді оптикалық үстел, лазерден газды шығару трубасы), сыну көрсеткіші 1,3344-тен 1,3706-ға дейінгі 24 түрлі мәнді қабылдайтын ертінділер, кең жолақты жарық көзі, спектрлік анализатор қолданылған.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертация тақырыбы бойынша 7 ғылыми жұмыс жарияланған оның ішінде КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған жарияланымдарды 3, Web of Science және/немесе Scopus индекстейтін халықаралық ғылыми журналдарда 1 (Metrology and Measurement Technology – Q2, IF=1,093), халықаралық конференциялардың тезистер жинақтарында 2 жарияланым, соның ішінде 1 шетелдік (Optical Fibers and Their Applications 2018. – International Society for Optics and Photonics, 2019, Poland) конференция және 1 авторлық куәлік (23.06.2023, №36971) жарияланымдарда диссертацияның негізгі корытындылары баяндалған.</p>
7.	Коргауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді мे?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p>	<p>Қағидат 1</p> <p>Ұсынылған «сенсорлық спектр ені» атты жаңа спектрлік сипаттама көлбеу бүрышты Брэгг торлары жазылған оптоталшықтар ортасында сыну көрсеткішінің сенсоры ретінде қызмет атқара алатындығын нақтылайды.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жок</p> <p>7.3 иә</p>

	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) оргаша; 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) жок</p>	<p>7.4 кен 7.5 иә</p> <p>Қағидат 2 «Сенсорлық спектр ені» ортаның сыну көрсеткішіне тәуелділік функциясы қарастырылған 6 және 8 градус көлбеке бұрышты Брэгг торлары үшін толықтай сыйықты болып табылады және бұл функциялардың мәндер облысы өзара қылышпайды</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 иә 7.4 кен 7.5 иә</p> <p>Қағидат 3 «Сенсорлық спектр енінің» қоршаган ортаның сыну көрсеткішіне тәуелділігінің сыйықтылығын сипаттайтын коэффициенттің анықталу қателігі 6 градус көлбеке Брэгг торы үшін 4,6%, 8 градус үшін 3,7% құрады. Бұл бұған дейін белгілі болған «жергілікті орта мәні» атты спектрлік сипаттамамен салыстырғанда кем дегендे 11,1 пайыздық пунктіге төменірек. Яғни, «сенсорлық спектр ені» сипаттамасы ортаның сыну көрсеткішінің өзгерісін дәлірек сипаттайды.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 иә 7.4 кен 7.5 иә</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертациядағы әдістемелер егжей-тегжейлі сипатталған. Сенсорлық элемент ретінде көлбеке талшықты Брэгг торын таңдау, оны бірмодалы оптоталшыққа фазалық маска әдісімен жазу кондырығысы, кен жолақты жарық көзі арқылы жарық жіберіп, оны спектрлік анализатор көмегімен тіркеу, алғынған спектрлерге нормалау жүргізу арқылы есептеулер орындау, қоршаган ортаның сыну көрсеткішіне сыйықты тәуелділікке ие болатын сипттаманы анықтау сынды әдістерге толықтай сипаттама берген.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жок</p>	<p>Ізденуші диссертациялық жұмыстың нәтижелерін ғылыми зерттеудің заманауи және жаңа әдістерін қолдана отырып алған. Олардың қатарына: ThorLabs fiber Coupled SLD Source кең жолакты жарық көзін пайдалану, көлбеу талшықты Брэгг торларынан өткен жарықты YOKOGAWA AQ6370D оптикалық анализаторының көмегімен тіркеу, Matlab бағдарламалық ортасында спектрлік анализатор көмегімен тіркелген көлбеу талшықты Брэгг торларынан өткен жарықтың спектрлерін өңдеу жатады.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жок</p>	<p>Нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі ең алдымен тәжірибелік зерттеу нәтижесінде алынған деректерге сәйкес келеді. Жұмыс нәтижелерінің сенімділігі құрылымдық, оптикалық бірін-бірі толықтыруыш кешендерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішинара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u></p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді рейтингті жоғары ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 101. Оның ішінде ізденуші жариялаган ғылыми жұмыс саны 3. Тікелей сілтемесі көрсетілген барлық жұмыстар жоғары рейтингі бар журналда жарияланған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыс 101 әдебиеттер тізімін қамтиды. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы жоғары. Зерттеу барысында алынған жаңа спектрлік сипаттаманың қоршаған ортаның сыну көрсеткішіне сыртықты тәуелділігі, Брэгг торының көлбеу бұрышына қатысты графиктері өзара оқшау орналасатындығы сыну көрсеткішінің сенсорын жобалауды үлкен үлес қосады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді қоршаған ортаның сыну көрсеткішінің өзгерісін анықтайтын сенсорларды дайындауда қолдануга болады. Сонымен</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді қоршаған ортаның сыну көрсеткішінің өзгерісін анықтайтын сенсорларды дайындауда қолдануга болады. Сонымен</p>


	<p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>коса ЖЖО-да «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығын оқытуды қолдануға болады.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Алынған нәтижелер оптоэлектроника, сенсорлық технология салаларын әр қарай дамытуға зор үлес қосады</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>А.А.Толегенованаң диссертациялық жұмысы саудатты және ғылыми-техникалық тілде тиенақты жазылған. Тарапулардың өзара байланысы бар, реттілігі сақталған және тақырыпты толықтай ашады. Академиялық жазу сапасы жоғары.</p>

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Жалпы, Толегенова Акмарал Алибековнаның **«Көлбесу талшыкты Брэгг торлары бар қоршаган оргтаның сину көрсеткішінің оптоталшыкты сенсоры»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (FЖБМ FЖБССҚ) философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған жұмыстарға қойылатын барлық талаптарын қанағаттандырады деп санаймын, ал оның авторы Толегенова Акмарал Алибековнаны «6D071900-Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептеймін,

Ресми рецензент:

Ғ. Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Телекоммуникациялық инженерия кафедрасының профессоры, т.ғ.к.



Четимбаева К.С.
(қолы)

